

**ҚР Энергетика министрлігінің  
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2025 жылғы 3 маусым

сағ.12:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Ж.Ф. Хайрушев

Қатысқандар: Энергетика вице-министрі С.Қ. Есімханов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (тізім бойынша), Электр энергетикасын дамыту департаментінің бас сарапшысы Б.М. Зарлық, «KEGOC» АҚ пайдалану және құрделі құрылыш жөніндегі басқарушы директоры Е.Т. Атакулов, «Самұрық-Энерго» АҚ Жобалық оффис басшысы А.М. Лепесбаев («Zoom» арқылы).

**1. Көмірмен жұмыс істейтін электр энергиясын өндіру  
объектілерін жеңілдікпен қаржыландыру.**

**Көмір өндірудің даму механизмдері**

(С. Есімханов, Ж. Хайрушев, М. Әсірепов)

1.1. Энергетика вице-министрі С.Қ. Есімхановтың көмірмен жұмыс істейтін электр энергиясын өндіру объектілерін және көмірмен жұмыс істейтін электр энергиясын өндіруді дамыту тетіктерін жеңілдікпен қаржыландыру туралы ақпараты назарға алынын.

**Электр энергетикасын дамыту департаменті:**

1.2. Айта кету керек Энергетика министрлігі жеңілдетілген қаржыландыруды қамтамасыз ететін уәкілетті орган емес, көмір өндіруді дамытуға қолдау білдірді. Министрлік әртүрлі деңгейдегі қаржы институттарымен, соның ішінде халықаралық деңгейде келіссөздер жүргізуде және көміртегі бейтараптығы бойынша міндеттемелерге байланысты қыындықтарға қарамастан, тиісті бастамаларды алға жылжытуға күш салуда. Министрліктің ұстанымы жалпы оң және сындарлы екенін атап еткен жөн.

1.3. Көмір генерациясы жобаларын жеңілдікпен қаржыландырудың жүйелік тетігін әзірлеу қажеттілігін, әсіресе қол жетімді ең жақсы технологияларды қолдана отырып және экологиялық стандарттарды сақтай отырып, қолданыстағы қуаттарды жаңғырту бөлігінде бекіту.



1.4. Қоғамдық кеңес төрағасы Ж.Ф. Хайрушевтің көмір өндіру жобаларына жеңілдікті қаржыландыру тетіктерін қолдану мүмкіндігін нормативтік бекіту қажеттілігі туралы ұсынысын қолдау:

- жабдықтар мен қызметтерді оқшаулаудың жоғары үлесі;
- өнірлерде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;
- шығарындыларды бақылау талаптарын сақтау.

1.5. Қоғамдық кеңес мүшесі М.Ф. Әсіреповтың көмір генерациясы жобаларын бағалаудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеудің орындылығы туралы ұстанымымен келісу, оның ішінде:

- автоматтандыру және цифрландыру деңгейі бойынша жіктеу;
- көміртегі ізін бағалау;
- компенсаторлық механизмдерді біріктіру мүмкіндігі (соның ішінде CCUS — көміртекті ұстau және сақтау).

1.6. Энергетика министрлігі мүдделі энергетикалық ұйымдармен бірлесіп:

- 2025 жылдың III тоқсанының соңына дейін Қоғамдық кеңестің қарауына көмір өндіруді ынталандыру жөніндегі кешенді тәсіл ұсынылсын;

1.7. Электр станцияларын жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық келісімдер жасасу кезінде, сондай-ақ пайдалануға жаңадан өнгізілетін қатты отынды жағатын генерациялайтын қондырғылардың құрылышына тендер өткізу кезінде қолданылатын негізгі жабдық қазіргі заманғы экологиялық және техникалық-экономикалық стандарттарға сәйкес келуге тиіс.

## **2. ОЭК инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде шетелдік инвесторлардың басқару өкілеттіктерін нақтылау**

(С. Есімханов., А. Улабеков)

2.1. Энергетика вице-министрі С.Қ. Есімхановтың ОЭК инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде шетелдік инвесторлардың басқару өкілеттіктерін нақтылау туралы ақпараты назарға алынсын.

### **Жүртшылықпен байланыс департаменті:**

2.2. Жер қойнауын пайдалану, Газ өнеркәсібі, Мұнай игеру және өндіру, Жаңартылатын энергия көздері департаменттерімен ОЭК-те инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде мемлекет алдындағы міндеттемелерді айқындауды қоса алғанда, шетелдік инвесторларға қойылатын регламент пен талаптарды әзірлеу қажеттілігін талқылауды бақылауда ұстau.

**3. Энергетикалық обьектілерді жаңғырту және салу жобаларына  
отандық техниканың қатысуына квота белгілеу.**

**«KEGOC» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның инфрақұрылымдық  
жобалары және ел экономикасына қосатын үлесі бойынша отандық  
қамту туралы тыңдау**

(Б. Зарлық, Е. Атакулов, Ж. Хайрушев, Ә. Әбілдаев, Б.И. Досмухамбетова, А. Лепесбаев)

3.1. Электр энергетикасын дамыту департаментінің бас сарапшысы Б.М. Зарлықтың энергия қуаттарын жаңғырту және салу кезінде өндірушінің отандық тауар жабдығын басымдықпен пайдалануды көздейтін түзетулерді пысықтауға қатысты, «KEGOC» АҚ Пайдалану және күрделі құрылыш жөніндегі басқарушы директоры Е.Т.Атакуловтың «KEGOC» АҚ инвестициялық жобасы және «Самұрық-Энерго» АҚ Жобалық оффис басшысы А.М. Лепесбаевтың ақпараттары назарға алынсын.

**Электр энергетикасын дамыту департаменті:**

**«Самұрық-Энерго» АҚ:**

3.2. ҚР Энергетика министрлігі Қоғамдық кеңесінің мүшелері мен «Самұрық-Энерго» АҚ өкілдерінің Екібастұз қаласында а.ж. құздінде Екібастұз МАЭС 1, 2 және көмір разрездерінің жұмысымен, жаңғырту жұмыстарының барысымен, қолданылатын жабдықты оқшаулау деңгейімен және қазақстандық өндірушілерді тарту мүмкіндіктерімен танысу мақсатында Павлодар облысының ОЭК обьектілеріне барумен көшпелі кеңес өткізу туралы ұсынысымен келісілсін.

3.3. «Самұрық-Энерго» АҚ **2025 жылдың 1 тамызына дейін** ҚР Энергетика министрлігінің Қоғамдық Кеңесінің атына келісі ақпаратты ұсыну тапсырылсын:

- іске асырылатын және жоспарланатын инфрақұрылымдық жобалардағы қазақстандық қамтудың нақты және жоспарланатын деңгейі бойынша шоғырландырылған ақпарат («Атамекен» ҰКП-ның 2025 жылғы 28 ақпанды №02333/19 хаты);

**Қоғамдық  
кеңестің төрағасы**



**Ж. Хайрушев**

**Қоғамдық  
кеңестің хатшысы**



**А. Қамбарова**